


Н 21



ОРКЕН

Есенқұл Жақынбеков  
**АҒЫМНАН  
ЖАРЫЛАМЫН**





Есенқұл Жақынбеков

# АҒЫМНАН ЖАРЫЛАМАЫН

Өлеңдер  
мен  
баллада



«ДОЛІМ»

АСТАНА

АДАМ

„Жалын“

Алматы

1987

84. Қаз 7—5

Ж 21

Пікір жазған — Әділғазы Қайырбеков

### Жақыпбеков Есенқұл.

Ж 21 Ағымнан жарыламын: Өлеңдер.— Алматы: Жалын, 1987.—64 бет.

Жинақ «Өмірім менің өлеңім» және «Махаббат, жастық әлемім» атты екі бөлімге жіктелгей.

Мұның алғашқысина автордың туған мекен сүлүлігін, замандастарымыздың арман-мұратын тілге тиек ететін өлеңдері тоңтастырылды. Ал соңғы бөлім кілец нәзік сезім лұпілінен құйылған лирикалық туындылардан тұрады.

Ж 4702230200—003  
408(05)87 226—87

84 Қаз 7—5

© «Жалын» баспасы, 1987

*Бірінші бөлім*

## ӨМІРІМ МЕНІЦ ӨЛЕҢІМ

### АҚТАРЫЛУ

Жабы тірлік жырға мойын бүргезбай,  
 Бір күннен соң етіп жатыр бір күн жай.  
 Жарқын ойлар, жарқ етіп бір келсейші,  
 Кек аспанды жарып аққан жұлдыздай.

Арман деген ақ кеменің жырдағы  
 Желкеніне жел керек бол тұрганы.  
 Талай рет жыр арнадық қыздарға,  
 Қызғалдақтай жанып тұрган қырдағы.

Елемейтін сынды мені еш пенде,  
 Ескермейді кейде дулы кештерде.  
 Бабам Жамбыл басындағы бак-дәulet,  
 Баласынан басқа жанға көшкен бе?!

Бабалардың артқан жүгі батпандай  
 Көтерейін

Сок, жүрегім, сок, талмай!  
 Сүйінбайлар салып кеткен жолдардың  
 Бір сүрлеуі жүрегімде жатқандай.

Құлан жырдың қолтырын бір жазайын,  
 Тушы алдыннан өз жұлдызыым, өз айым.  
 Ақындардың көрмесіндегі әз өлкем,  
 Бір ақынға болсын тағы көзайым.

«Сөз кезегі өзінде енді, қыргиым»,—  
 Десе де жүрт тумай жүр-ау жыр құйын.  
 Ұлыларға оңай емес,

Ендеше,  
Ұлылардың ұрпағына тым қын.

Таңдайынан тамын түссер тасқа өлең,  
Жайсаңдардан жөнеу алған жас пері ем.  
Текті сөздің бір тарауын айтайын,  
Тыңда, далам! Тыңда, Қастек, Қаскелен!

### КОММУНИСПЕН ЭҢГІМЕ

Шалқар мұхит шамырқанып жатқандай,  
Шабыттана сен сойлеген шақ қандай?!

Ұлы жиын мінбесінен үн қаттың,  
Кеуделеген кедергіден жасқанбай.

Тарих өзі тәрбиелеп, ерен ғып,  
Иғыңда артты ауыр нелер жүк.  
Соқлағы мол сол тарихтың өзіндей  
Көрем сенен кеменгерлік, тереңдік.

Тіршіліктің құлпырса деп бақ гүлі,  
Жүргінің басылмай жүр аптығы.  
Сондықтан да сениң айтар сөзіңің  
Жер бетінде ешкімге жок жаттығы.

Қара жерді баспасын деп қайғы-мұң  
Күресумен артты әрқашан айбының.  
Көгершіндей көп шарладың жер үстін,  
Көлбей өтіп көк мұхиттар айдынын.

Асу, асу шықса да алдан өткел — сын,  
Асыл ойың жер түбіне жеткен шын.  
Азабы көп адамзаттың

## Әуелден

Ақ халатты емшісі боп кеткенсін.

Тұлғалы әлем тұрмауы үшін тұн кешіп,  
Жер-жаянмен жүрсің солай үндесіп.  
Жәдігөйлер тынышмайды бірақ та,  
Жәудір көзді дүниені мұнды етіп.

Авторлары небір сойқан сұмдықтың  
Аярлықты бара жатыр үңгіп тым.  
Шидің түбін тіміскіген ұры иттей  
Шынылайды төңірегін Шындықтың.

Ұлы ойшылым, ұғасың гой соны анық,  
Келбетіңнен көрем сенің даналық.  
Бейбіт өмір бәйтерегі — өзіңсің,  
Жұмыр жердің үстіндегі ең алып!

## АРДАГЕРЛЕР

Жарық дүние күлкіге, әнге байып,  
Жылдар зулап барады таңғажайып.  
Сонау соғыс жылдары алыстады,  
Алыстатқан жандар да қалды азайып.

Осы өмірді жеткізген өрге сүйреп,  
Көп еді ерлер,  
Кернеген кеудесін кек.  
Осы күнде от жүрек сол агалар  
Көшелерде түсіп жүр көзге сирек.

Аз-ау сондай агалар — алып шынар,  
Тарланбоздар бағасын әлі ұқтырап.  
Әлі кейін елесін іздер оның  
Табанынан таусылып тарихшылар.

Сақтап қалған жарық күн, жарқын айды  
Ойлар ұрпақ солардың нарқы жайлыш.  
Боздақтардың бейіті басында бір  
Екі тізен еріксіз қалтырайды.

Тіршілікте қай адам тойды арманга,  
Тұнереді өткенін ойлағанда.  
Медаль таққан қарт солдат маршал құсан,  
Мерсій асып жүреді мейрамдарда.

Мың бір әжім маңдайын әдіптеген,  
Жүреді олар сырласып даңқпенен.  
Жүргімнің жанар тау дүмпүімен  
Көрген сайын соларға салют берем.

Сиреп бара жатса да сол ағалар  
Кездері жоқ тірліктен шола қалар.  
Қолтықтағы көнетоз балдағымен  
Көзге шұқып ажалды келеді олар.

## ПАНФИЛОВШЫЛАР ПАРКІНДЕ

Салтанатпен мұлгиді үнсіз сая бақ,  
Дем дірілін сезгендеймін сол бақтың.  
Мәңгілік от алақанмен аялап,  
Маңдайынан сипайтындаи солдаттың.

Тыныш мұнда, тынышып жатыр даңқты ер,  
Тұғыр тасты жылтыады нұр қонып.  
Гүрілдеген гүрзі тұмсық танктер  
Шөп астына шөгіп кетті күл болып.

Белгісіз сан сарбаздардың осы күн  
Белгілері көкті барып тіреді.

**Мен білмейтін, сен білмейтін есімін  
Жер-ананың көкірегі біледі.**

**Біледі ұлын, біледі ғой Ұлы Ана,  
Ұландарын ұмытпайды халқымыз.  
Аспандаган атақ емес, сірә да,  
Белгісіздік — біздің ұлы данқымыз.**

**Сабыр, достым, тый жаныңың құлқісін,  
Мұнда үнсіз ойға батар ақындар.  
Мазалама,  
Бірер сәтке тыншысын  
Тыныштықты корғап қалған Батырлар.**

## **ҰЛЫ БАСТАМА**

**Сан ғасырлардың талқандап шығып тылсымын,  
Социализм жайғанда жаңа бүршігін,  
Осы бастама жылдардан жылға жалғасып,  
Революцияның бізге алып келген дүрсілін.**

**Көсем еліне кірпігін көкте Құн тігіп,  
Еңбек әнімен толқиды бүгін тіршілік.  
Жер-ана соны сезетін болар  
Егер де  
Данышпан үшін еgetін болсаң бір шыбық.**

**Жан досым, бүгін қопарып жердің қыртысын  
Жаныңды сенің жанартая-жігер сілкісін.  
Кеменгер үшін егейік бүгін бір-бір гүл,  
Өмірдің дәнін еккен ол бүкіл жұрт үшін.**

## ҚЫЗЫЛ ТУЛАР

«Мына өмірдің бал-шырынын татайық,  
Дамылдайық, алаңсыз бір жатайық»,—  
Десен дағы,  
Ал қызыл ту алдынан  
Шыққан кезде алам бір сәт қатайып.

Әділдіктің арпалысын шын аңсан,  
Албырт оймен тұрам іштей ұран сап.  
Аманкелді мінген асау пырақтың  
Құлынына түргандаймын жүген сап.

Шымыр дауыс шыққандай бір саңқ етіп,  
Корчагіншіл көңілімнің даңқы өсіп,  
Сәйгүлікпен болам самған кетердей,  
Қылпылдаған қылышымды қамшы етіп.

Желп-желп етіп желмен, байыз таба алмай  
Желбіресе қызыл тулар алаудай  
Тачанкалар тастап шығып музейді,  
Тар көшемен жүйткіп келіп қалардай.

Жүрсе егер бір босап, бір қатайып,  
Ақын үшін бола қоймас аса айып.  
Отызда да ойымда жүр шапқылап,  
Алты жасар, ағаш атты «Чапаев».

Балқыт салғар мемлекеттің  
Боладарі мемлекеттің

## АНАМА

Тағдырдың батып тырнағы,  
Өртөнді үйің — орманың,  
Жадынан шықпай жүр ме әлі  
Жарылған даусы бомбаның.  
Озегің мұңға өртеніп,  
Агарды шашың сары алтын.  
Үміттің көбі ерте өліп,  
Сарыуайым болды самал түн.  
Алапат, ойран атыста  
Айрылып он бір баладан,  
Қарайда-қарай батысқа  
Қайғыдан қайтты өз анаң.  
Туысты  
Жүрген панаң бол  
Жалмады соғыс жайыны.  
Алдынан соқты самал бол,  
Казактың «айналайыны».  
Толғайды бүгін шаттық үн,  
Ілгері бастап ізгі елің.  
Қазақи ата дәстүрін  
Үйренді сенен жұз келін,  
Ақын бол бүгін сөйледім  
Күмбірлеп кеудем шанақша.  
Тереңнен тартып ой кенін,  
Жыр жазып келем қазақша.  
Бүгінде менің тұлғамда  
Бейнең бар сенің арайлы.  
Украин, орыс туғандар  
Өзімсіп маған қарайды.  
Әкем де қырдың қазағы,  
Орыс та емес көп бөтен.  
Барлығын соның жарады  
Қаратып жерге кетпесем!

Балдан тәтті көрінген қауын көгі,  
Бала кезде бар бақыт ауылда еді.  
Бізге сабақ беретін сол жылдары  
Сұм соғыстың жаралы жауынгері.

Қылышымыз ауылға «атақты» еткен,  
Достар, саған барғам жоқ, босап көптен.  
Жеті сотқар оқушы ек бір класта,  
«Жеті қортық» біреулер атап кеткен.

Еңсөлі еді, мұғалім пішінді еді,  
Қажыса да қарт солдат күшінде еді.  
Қандай қын кезде де қайран батыр  
Қабағы мен еңесін түсірмеді.

Арам іске арнаған күйкі өмірін,  
Ата жаудың көрген ол ит өлімін.  
Қанша уақыт кисе де  
Үстіндегі  
Қыры сынбай жүретін кителінің.

Үмітіндей болсақ та оның күткен,  
Әтпейтұғын кей күндер женілдікпен.  
Ашуланса, еденді бір қоятын  
Астындағы ап-ауыр орындықпен.

Ал сонан соң аузыңнан шығар үнді,  
Құлерінді білмейсің, жыларынды.  
Балалық қой,  
Кейде біз тілейтінбіз  
Сырқаттанып қалса деп мұғалімді.

Жан-жағында тұрғандај жақұт тұнып,  
Жанарында тұратын бақыт күліп.

Жарқын жүзбен қарайтын бәрімізге,  
Жарақаты жанына батып тұрып!..

Ал содан соң ала алмай, сірә, тыным,  
Қайдан білдік боларын мұраты — мұн.  
Жасырынған кеудеде жауыменен,  
Ала таңға айқасып шығатынын.

Соғыстағы сойқанның көбін кешкен  
Келіп еді арқауы сөгілместен.  
Майдандағы секілді,  
Аурудан да  
Өлді қартың ақыры шегінбестен.

## КЕПТЕРЛЕР

Тыныш әлем, тыныш бүгін көк пен жер,  
Тыныш өтіп жатыр қыс пен қоктемдер.  
Жарқын күліп келе жаттым көшеде  
Жан-жағымнан қоршап алды кептерлер.

Келе берген кептерлерге жаутандап,  
Жемім болмай қатты састым қалтамда.  
Ақ құстарым, аярым жоқ сендерден  
Бар дәүлетті ортаңа әкеп салсам да.

Барымды әкеп жолдарыңа шашсам ба,  
Бар қамбаның аузын түгел ашсам ба?  
Құс ішінде сендер қамсыз болындар,  
Шаруам жоқ басқа құс пен басқа анда!

Қалтада емес, қамбада аздап дәнім бар,  
Қазынаның мендегі осы бәрін де ал.  
Адамдардан үрікпейтін, ақ құсым,  
Сол сенімде мәңгі-бақи қалындар.  
Қанатынды қандамасын залымдар!

## ШЕҚАРА ҚӨРІНІСТЕРІ

Қашаннан тойлы, жырлы ауыл  
Нарынқол тағы тынымсыз.  
Бер жақтағы ауыл ду да ду,  
...Ар жақтағы ауыл тек үнсіз.

Қос өркеш сонау дөңес, бел  
Құдікті,  
Бейне Қособа.  
Анау үй, анау теректер —  
Бөтен ел, бөтен босаға.

Екі елді түгел көлдетіп,  
Ақ сағым ағып барады.  
Шекара сымын тербетіп,  
Шегіртке ызың қағады.

Бағыштап әзіл — шашуын,  
Дастарқан үстін жайнатып,  
Ар жақтан келген тау сүйн  
Ақ женгем жатыр қайнатып.

Жаз жайлай бейне түс кілем,  
Жайдары таңың самалы.  
Қаз-қатар сымның үстімен  
Қарлығаш ұшып барады.

Арғы да бергі жайлайың  
Ол үшін туған төріндей.  
Көрші елдің кезіп қойнауын,  
Сәлден соң кетті көрінбей.

Болса да бәрі таныс ман,  
Арада аздап құрсау бар.  
Біздің ел жаққа алыстан  
Арқасын беріп тұр таулар.

Ауды, эне, біздің жаққа күн,  
Жұзінен жерге нұр тамып.  
Ар жаққа кеткен ақ сағым  
Оралған сынды бүрқанып...

Қарлығашқа да сол әлгі  
Болмады-ау онда пана-түн.  
Қайтадан елге оралды,  
Асыға қағып қанатын.

Тұнеріп ала бағана,  
Тұрса да таулар арбасып,  
Осылай екі арада  
Тіршілік жатыр жалғасып.

### «БІРЛІККЕ» БАРА ЖАТҚАНДА

Көне сүрлеу барады ағып суша алға,  
Жұпар ііс бүркырайды жусанды.  
Айналаның бәрі таңсық бүгінде,  
Осында өсіп, осы ауылда тусам да.

Сыңғыр-сыңғыр сырнай тартып шилері,  
Сырлы «Ашыны» сырбаз әуен биледі.  
Қылта тұстан көрінеді қылт етіп,  
Қызыл аңдып қырды кезген шие бәрі.

Күн еңкейіп болып қалды екінді,  
Қызыл сәуле аймалайды бетінді.  
Өркеш таулар өлең сүйгіш жүректің  
Кардиограмма толқындары секілді...

Табиғатқа айтып арман — сырларын,  
Бұлттар көші барады ұшып бір қалың.

Алыстағы тракторлар дауысы  
Жыр етуде молшылықтың қырманын.

Жабы бұлттың жанарынан жас жаумай,  
Қаңсып қалған қазірден-ақ бастау қай.  
Шілде шыға бәсексіген арыны  
Шұңғыл сайлар орта түскен астаудай.

Бұраң-бұраң жолдары көп тірлікте,  
Біреу бағыт ұстаган-ау «Бірлікке».  
Құдды өзімдей  
Қара жолдың үстінде  
Құлдырандаң бара жатыр бір нұкте.

Іштей толғап бара ма екен ол да жыр,  
Іңкәр елге жеткізер-ау жол қазір.  
Әудем жерден жеті айда бір жетпеген  
Әлде мендей жайбасар ма ол да бір.

Жалғыз белес жеткізбейді мың белдей,  
«Бірлігіме» кеткем қалай бір келмей?!

Сағынғаннан  
Кеңістікті жанарым  
Тесіп өтіп бара жатыр туннельдей...

Іштей толғап бара ма екен ол да жыр  
Іңкәр елге жеткізер-ау жол қазір  
Әудем жерден жеті айда бір жетпеген  
Әлде мендей жайбасар ма ол да бір

Іштей толғап бара ма екен ол да жыр  
Іңкәр елге жеткізер-ау жол қазір  
Әудем жерден жеті айда бір жетпеген  
Әлде мендей жайбасар ма ол да бір

Іштей толғап бара ма екен ол да жыр  
Іңкәр елге жеткізер-ау жол қазір  
Әудем жерден жеті айда бір жетпеген  
Әлде мендей жайбасар ма ол да бір

## СҮҮҚТӨБЕМЕН СЫРЛАСУ

Қатал жылдар, тар кезенде шындалған  
Қайрат көрем қатыгездеу тұлғаңан.  
Қатпар-қатпар әжім қапты-ау бетінде  
«Карасайлап» үран салған жылдардан.

Жатса да өтіп сан ғасырлар, сан жыл, ай,  
Сен тұрсың-ау жыл он екі ай қалғымай.  
Қайсарлықты маған берсе сендері  
Үнсіз-тілсіз тұрмас едім мен бұлай.

Иығыңа түссе де өмір салмағы,  
Құштарлықпен қарсы аласың таңды әлі.  
Несібемнен жүрмес едім құр қалып,  
Дәл өзіндей өр бола алсан мен дағы.  
  
Өзегімді тілгілейді неге мұң,  
Өзге тұрмақ өзім білмен себебін.  
Отыз келіп, орда бұзар шағымда  
Олпы-солпы тірлік кешіп келемін.

Жаңын жырга құрбан етер адамға,  
Тау мінезі қажет екен әмәнда.  
Етек-жекі сен секілді кеңдікті  
Көрсете алсақ, бізде де арман жоқ онда!

## МЕКЕНІМ

Мен туған жер — етегінде таулардың,  
Арасында жабайы өскен баулардың.  
Былай тұрсын Қазақстан картасы,  
Картасында жоқ шығар ол ауданның.

Барады оған мاشақаты мол соқпак,  
Жүрексіз жан шыға алмайды қорқақтап,  
Өзгелерге айшылық жол секілді,  
Өзім бірақ жетіп барам төрт аттан.

Бұраландап жасыл шөппен жоғалып,  
Қылта тұста жатыр бұлақ ағарып.  
Көнілімде келеді ол әмәнда  
Адуынды үлкен өзен саналып.

Ақ толқынын жатпаған соң ағытып,  
«Құтырған» деп ат қойыпты қағытып.  
Жабыла бір мақтау айтып жатсақ та  
Жұлқынардай жанбай қойды бағы түк.

Мен туған жер — Суықтөбе сыртында,  
Сол ауылда келеді өсіп бір тұлға.  
Не айтпағынды сезіп тұрмын қонағым,  
Бір сыр бар-ау ұры күлкі сыртында.

«Есенқұл-ау, осы ма аулың?»— дейсің-ау,  
(Осылай да қойылады кей ҫұрау)  
Байқауымша, тереңіне үңілмей  
Бетін қалқып кететүғын «дөйсің-ау».

Қарама, дос, мейлі өлкеме тамсанып,  
Дәлелдеп те жатпан оны жан салып.  
Осы — менің туған жерім,  
Өлеңмен  
Әмір бойы өтетүғын жар салып.

## АМАН БОЛ, АҒА!

Аманбысың сен әлі, агатайым «Волгалы»,  
Ұмыта алмай келемін «ерлігінді» сондағы.  
Орта жолда тұр едім: «Отыр!— дедін,— Бол, кеттік»,—  
Шын кіслік көрсетіл өзің өзің болғалы.

Жүрмеген соң дәл сендей дәулет құрап, бақ құрап,  
Жаяу-жалпы жүрміз гой ой мен қырға шапқылап.  
Самай шашың ағарып кете жаздал тоқтадың,  
Машинаның есігін жауып едім қаттырақ.

Бізде арман бар ма екен, барда өзіңдей «жақсы» аға,  
Дүниенің есебін дәл өзіңдей тапсақ, ә?!

Жиған-терген байлығың шалқып кетті,  
Өйткені,  
Іліп алыш кетесің көлденең шөп жатса да.

Төрт кластық біліммен төр басына кеп жеткен,  
Неткен епті жан едің, жылпос едің сен неткен?!

«Табыс тапсам, шіркін-ай!»— деп ойлаған жандайсың,  
Жатқаныңда-ақ шыға алмай шыр-шыр етіп жөргектен.

Көзге ілетін сен бе едің көлігі жоқ «кедейді»,  
Қөңілің толмай көркіме сұрақтарың көбейді:  
«Бірінен соң өлеңнің бірін жазып жатырсың,  
Біреуіне сонда олар қанша ақша төлейді?»

Қаламақы алуды жүрмесем де мият қып,  
Айттым мен де өсіріп, жиып қойып ұятты.  
...Батпақ жолда машинаң бара жатты гүжілдеп,  
Қиға барып қонатын қара қоңыз сияқты.

Жасанды қас, жалған мең, жалған бұрым...  
 Табиғаттың бергені — арман бүгін.  
 Қай сылқымға білмейсің айтарынды  
 Хас сұлулар азайып қалғандығын.


Кеткен болса бой ұрып осы «өнерге»,  
 Таңданба сен тар шалбар шешелерге.  
 Ұзы ембей жасанды сүт емгендер  
 Шабар дейсің шығандап неше белге.

Таңданба сен,  
 Қөңілімде тұнып бір таң  
 Жымысқыға сырттай бір жылап тұрсам.  
 Айғай салар жерлерде аузым жауып,  
 Жылайтұғын жерлерде күліп тұрсам.

Еліктеу ме ата салт — кешегі елге,  
 Сақалды боп кетіп жүр көсeler де.  
 Мандай шашы сүйылған жеңгелерім  
 Кекілді боп шығады көшелерге.

Жаңа жылдың алдында, нұр сағатта  
 Жасанды бір кетеді шырша қаптап.  
 Жалған айтып тұр ма еken деп қаласын,  
 Жанкүйерің жырдағы тұрса мақтап.

Жасанды сүт, жалған сөз, жалған бұрым,  
 Жасанды боп кетер ме арман-жырым.  
 Мырқымбайдай аңқауды аялайтын,  
 Қөп жолыққай, әйтеуір, алдан күнің!



## **БІРЕУГЕ**

Өзгелерге өрең түк жетпегесін  
Сен өзіңен басқаны жек көресің.  
Өміріңің барлығын  
Басқаларға  
Өрмекшідей тор құрып өткересің.

Жетсем-ау деп біреудің түбіне осы  
Жемтік көрген қорқаудай жүгіресің.  
Әр адамның ішіне  
Әлсіз жерін  
Білу үшін үкідей үңілесің.

Тарлан көрсөң тамам ел тамсанатын  
Тас кенедей жабысып қан соратын,  
Жақсы істерін жасырып,  
Жаңсақ кетсе,  
Жалпақ елге түп-түгел жар саласың.

Бір-біріне ешқашан өкпелемес  
Тұғызасың туысқа кек пен егес.  
Хас дүшпанның жасаған жауыздығы  
Сенікінің жанында ештеңе емес.

Озбыр ниет ойларда ішің ерге  
Сендей қарау емес-ау күшіген де.  
Жайсандардың қасында көп жүресің  
Жақсы болып көріну үшін елге.

## **Жүрісіңе**

«еш мінсіз» елтігесін  
Жұрт тамсанып жүр сырттан көркіңе шын  
Бейдауа ісік секілді,  
Адамдарды  
Ажалынан бұрын сен өлтіресің.

Бәрі жақсы дегенге жүгінбе құр,  
Осындаға кенде емес бүгінде өмір.  
Ішке бүккен бармағын, әзәзіл-ай,  
Тұбіріңмен жұлармын тұбінде бір.

### АДАЛ АДАМ

Мөлдірлікке ат басын бұрып барған,  
Бір жақсылық күтеді ол тұнық таңнан.  
Жаман пигыл тоспайды ешкімнен де,  
Ешкімнен де сыры жоқ бүгіп қалған.

Езуінен жиылмай күлкі керім,  
Осылай-ақ күн кешсін, шіркін, ерің.  
Мылтық кезеп сен оған тұрар болсан,  
Ойнап тұр деп ойлауы мүмкін оның.

Өміріңнің әр күні бір сын еді  
Өзгелердің қамы үшін күрсінеді.  
Сен әншейін бас шайқап қоя салған  
Қияннattan ол қатты түршігеді.

Тірлігінің туы еткен адал арын,  
Жақсылардың жанарын жаба ма мұң.  
Сенің жаның түршіккен қиянатқа,  
Оның жаны білмеймін не боларын?!

## ҚАБЫЛДАУ БӨЛМЕСІНДЕ

Алдындағы емен есік еңселі  
Кезек күтіп бағудамын мен соны.  
Таразыға тартылады осында  
Шындық пенен шикіліктің өлшемі.

Емен есік ел мұддесін жан-жақты  
Көтергендей парасатпен салмақты.  
Бала құсап жасқана енген жаңағы  
Батыл басып шықты есіктен балдақты.

Қағып жұртты кететіндер қарқындал,  
Сабыр сақтап отыр мұнда «салқындал».  
Аттай бере шіреншектің тізесі  
Амалсыздан кетті, әнекей, қалтылдан.

Есіктер көп.  
Кенеппенен қапталған  
Қай есіктен көніл қалған шақ болған.  
Арамзага ар жағы оның шуақ боп,  
Адал жанға кем тимеген ақпаннын.

Жасытпайын деді ме еken жас ұлды,  
Емен есік ішке кенет ашылды.  
Қабыргадан көзі құлғен көсемнің  
Портреті көзіме оттай басылды.

## ОБАЛ ТУРАЛЫ ОЙ

Көк тайғакта жоқ тіпті жол сенімді,  
Көше түгел көк мұзбен көмкерілді.  
Үлкен жолдың үстінде ойда жоқта  
Нан таситын машина төңкөрілді.

Ақ бөлкені езгілеп көк табаны  
«Темір аттар» бірақ та тоқтамады.  
Жосыла ақкан өзенін машинаның  
Жол сақшысы әзер деп ноқталады.

«Тәңірі дәм-тұздардың, тағамдардың,  
Обалы ұрып кетеді-ау адап ианның».  
Деген түйсік кем келді санаасына  
Орақ орып көрмеген адамдардың.

Аштық арыз айтқанда қарында ұлып,  
Қара нан, сен қоюшы ең табындырып.  
Адамды сол кәнігі қасиеттен  
Қөптігімен кеттің бе жаңылдырып?!

Тағып мен де бүгінгі адамға мін,  
Жұрттан бөлек «ақ қарға» бола алмадым.  
Торғайларды тойдырып келіп қонған  
Тұрдық айтып бүл нанда обал барын.

Болғанменен бүгін тоқ, торсық қарның,  
Нан қадірін зиян ба зор тұтқаның?  
Аштық жайлы ойлаудан бұрын өзім  
Тоқшылықтан тоқмойын қорқып қалдым.

Үгіт айтып, үлгі айтып жыр, сөзбенен  
Кімдер бүгін ұртында құрт езбеген,  
Опа берер ме екен тек Отанына,  
Обал деген үғымды шын сезбеген.

## БАЛАЛАРДЫҢ БАЛДАҒЫ

Соғыс өтіп, көз жасы құрғаса да  
Кейде-кейде көнілді зіл басады, ә?!

Алып шықты кеше бір аптекадан  
Бүлдіршіннің балдағын бір жас ана.

Көрді-ау сәби тағдырдың қақпақылын,  
Құрмелесің сен неге, ақпа тілім.  
Ойшылдар-ау, шынымен таппадың ба,  
Ойыншықтың осыдан басқа түрін?

Балдағы не, жүрмей ме бала билеп,  
Кімдер оны түсірген нала күйге?!

Мұны анасы арнайы аптекадан  
Ойыншық деп алды ма?  
Жоқ, әрине!

Өзін қалай жасаған дәл мұсіндең,  
(Айта алмаймын мұны бір алғысым деп).  
Ана мұны алған ғой,  
Кұлышағы  
Қатарынан кем қалмай қарғысын деп.

Ақсатса да тағдырдың шөңгелері,  
Қандай ана баласын кем көреді.  
Осы боп түр, сұмдық-ай,  
Сәби үшін  
Ойыншықтың әзірге ең керегі.

Маған жұмбақ, балақай, атың, эттең,  
Берік еді тағдырдың дәті неткен?!

Балапаны қыранның шығарсың-ау,  
Ұшамын деп қияда қапы кеткен.

Бөпем, сені бұл ағаң солай үғар,  
Бәлкім, сенің аяғың әлі айығар.

Ер жігітке кездесер біле білсөң,  
Қындықтың өмірде талайы бар...

Тіршілікте соғады небір құйын,  
Адам түгіл тозады темір бұйым.  
Мақсатыңды ақратпа ең бастысы,  
Мақсат болмай, күресте жеңу қын.

## АЛТЫН ҰЯ

Жаңыма жамандықты беттетпеген  
Айналым алтын ұя — мектеп, сенен!  
Аулаңда бүршік жарған шыбық едім,  
Шынардай бүгін, міне, көктеп келем.

Секілді көбелегі Қекөзектің  
Бағаңды бала кезде елемеппін.  
Осынау кемел шакта тебіреніп  
Келеді сені ғана өлең еткім.

Ерітіп жырмен қыстың сұсын қырау,  
Алдыңа келді ақын боп құсың мынау.  
Жетсін деп мұратына жеткіншегім  
Талаптың тарау жолын ұсындың-ау.

Несіне аянамын, ендеше, мен,  
Бағасын әділ айттар елге сенем.  
Кең пейіл мына жүрттың қеудесіне  
Берейін хат қып жазып өлмес өлең.

**Б аллада**

...Жанға дәрү болмай жүр-ау жырларың,  
Ой кеміріп, оңдан тұған қайсы айың?  
Ұлылықтың үғу үшін шын мәнін,  
Ұлым, саған бір әңгіме айтайын.

(Анамның әңгімесінен)

—Тұған үйдің есігі түр бекулі  
Соғыс, міне, жүріп жатыр бір апта.  
Эшелондар вагон-вагон жетімді  
Жау қолынан ала қашты жыраққа.

Эшелондар тылға беттеп тартты алға,  
Қол бұлғайды Украина орманы.  
Фашистердің самолеті аспанда  
Қарауылға жетімдерді алды, эне.

Сансыз бомба келе жатыр сорғалап,  
Көкке қарап шырқырайды көп жетім.  
Өшпенді жау өте шықты бомбалап,  
Қызыл жалын отпен орап жер бетін.

Ажал ауыз салды келіп бізге енді,  
Алапаттың жоқтай мұлдем тоқтамы.  
«Мамалаған» жалынышты үндерді  
Қырқып өтті пулеметтің оқтары.

Жатыр, эне, жараганып ыңырсып,  
Жазығы не жаңа тұған жандардың.  
Сәби дене, сәби қолдар жүр ыршып,  
Қан аралас топырақта қоймалжың.

Өшті осылай бала шактың нұр таңы,  
Сәби жүрек енді қайтып соғар ма?

Болғаны үшін большевиктер ұрпағы  
Талайлары кетті өртеніп вагонда.

Катал кезең, қайғысыз жан кемде-к  
Софыс кімге тигізбеген салқынын  
Өне бойын ауыр сырқат мендеген  
Ортамызда жалғыз ана бартұғын.

Қасіретке кеткенімен еті өліп,  
Өлмейді гой мейірімі адамның.  
Ауыр сырқат сол ананы  
Көтеріп,  
Вагонга әкеп салып еді сонау күн.

Өлім де көп, қайғы да көп, кесел көп,  
Ананы да аямаған бұл уақыт,  
«Бір жұтым су әкеп берші, көкем»,— деп,  
Әрең-әрең жатушы еді тіл қатып.

Өзегіне от құйды ма жай мына  
Орынынан әрең-әрең тік тұрып.  
Үмтыйлды ана құшағын кең жайды да,  
Өрт ішіне бомба жауған ыскырып.

Жүректегі махаббаты аналық  
Өрттен де әрмен лаулап тұрған шақ онда.  
Қызыл тажал от ішіне оранып,  
Жанып жатқан қойы-т кетті вагонға.

Қас қағым сәт, әрбір минут санаулы,  
Самолеттер атқылап жүр оқ төгіп.  
Сәбілерді етегіне ораулы  
Абзал ана алып шықты көтеріп.

Ыскырынған оққа тәсеп кеудені,  
Төзімі бар тауқыметке қажалған.

Жанып жүріп үстіндеңі көйлегі,  
Өзгелерді құтқарып жүр ажалдан.

Екеу... үшеу... тағы бесеу... тағы оны,  
Ең соңғылар қалған шығар, тегі, енді.  
Вагондарда

Дарымаған жау оғы  
Құтқарылған бала демде көбейді.

Соңғы сәби қалды ма екен табылмай,  
Құшағы бос келеді ана жақындал.  
Арқасында айдаһардың жалындай  
Бір құшақ от алаулайды лапылдан.

Сарқып болып біздер үшін өз демін,  
Келе жатыр абыл ана ертеніп.  
Жетім біткен жұмып алған көздерін,  
Елес болып бір кездегі еркелік.

Қанды тырнақ қарау ажал қарманып,  
Жалмап кетіп бара жатыр жанды асыл.  
Қызыл жалын — қызыл мыстан долданып,  
Арқасында сол ананың салды асыр.

Кенет-кенет өне бойы составтың  
Селк етті де, тартып берді дүркіреп.  
Алдымызда арайланып аппақ күн,  
Артымызда қала берді түн-түнек.

Көзімізден қызыл үшқын үшты бір,  
Бара жатты көз үшында от қашып.  
Аяулы ана орамалын қып-қызыл  
Бұлғап тұрган секілденді қоштасып.

Алыс еді жетер күндер жеңіске,  
Алдымызда асу-асу белес көп.

Көз ұшында қызыл қанат періште  
Тұрды сол сәт бәрімізге елестеп.

Жерге келдік жұпар шашып, гүл өнген,  
Көкте күліп елжіреді ғажап күн.  
Жалғыз состав қорғансыздар тиелген  
Жетіп еді даласына қазақтың.

...Жетім едік. Соғыс бәрін жалмаған,  
Ерте есейдік балалықтан құр қалып.  
Дарқандығы даласынан аумаған,  
Құшағына алды бізді бір халық.

Діліміз де, тіліміз де тәселді,  
Тамыр жайдық, туды бізден жана үрпақ.  
Менікі деп иемденсем осы елді  
Ешкім бүгін қарамайды таңырқап.

Ұмытсам да соғыс салған таңбаны,  
Жүрсем дағы бақыт жырын ән қылышып,  
Қызыл қанат періште-ана сондағы  
Көз алдыннан кетер емес мәңгілік.

# *Екінші бөлім*

## **МАХАББАТ, ЖАСТЫҚ ӘЛЕМІМ**

### **ГҮЛДӘУРЕНМЕН ҚЕЗДЕСҮ**

Зеңгір көктен жұлдыз-гүлдер бүр жарыш,  
Ай сырғасы тұрған кезде дір қағып,  
Жалаң аяқ нояндары ауылдың  
Алма ұрлауға шығатынбыз ұрланып.

Мысық жүріс ептілікке мастанып,  
Қаншасын жеп, қанша алманы таптадық,  
Сол бір жолы алма ұрлаудың кезегін  
Әлімбайдың бақшасынан бастадық.

Қарқындары қамал бұзар кіл «батыр»,  
Қараң-құраң қалың баққа кірді ақыр.  
О, керемет, масахана ішінде  
Толған айдай толықсыған қыз жатыр.

«Қарақшылар» қалт тұра қап шетінен  
Қапелімде танып қалды есінен.  
Ай сәулесі өліп-өшіп сүйіп жүр,  
Періштенің тамағынан, төсінен.

Бір ғажайып арман күтіп ақ таңнан,  
Ару жатыр ақ білегін жастанған.  
Жаңа ғана көзін ілген секілді  
Сонау түпсіз ұшып келіп аспанинан.

...Ойлап тұрсаң, ол бір ғажап тұн екен,  
Содан бері сұлулықты жыр етем.  
Әлгі сұлу періште емес, пері емес  
Әлімбайдың сары тәмпіш қызы екен.

Балғын қиял қуалаған күндіз-тұн,  
Бала едік қой, бала едік қой бұлдіршін.  
Санамызға сән ой келген сол түні  
Қімге қандай тұс кіргенін кім білсін.

Осылайша келе ме еken жігіttіk,  
Біздер содан алма ұрлауды ұмыттық.  
Бұл өмірде алмаңыздан мың артық  
Біr тәттілік бар еkenіn шын ұқтық.

## ЖАСЫЛ БАҚТА ЖАЗҒЫ КЕШ

Иінағашпен су алып  
Қайтқан қыздай бұралып,  
Ақ қайындар тербеледі айгөлек.  
Мұлгиді үнсіз бақ тыныш,  
Ай туды, эне, ақ күміс.  
Цыган қыздың сырғасындаі дөңгелеп.

Оттай таза сезіммен,  
Судай мөлдір көңілмен,  
Баққа кіріп бара жатыр ұл-қыздар.  
Кірпіктері дірілден,  
Жанып жатыр бірінде,  
Айдың кіші сіңлілері — жұлдыздар.

Жұлдыздардай биқтен  
Күлімдеген сүйіктім,  
Қекейімнен жетсем деген кетер ме ой.  
Ойлап тұрсақ біз енді,  
Оймақ ауыз қыз ерні  
Еңлікгүлдің қауызындаі еken гой.

Қарсы ап тұнық таңдарды,  
Тұрағы еткен заңғарды,

Еңлік болып елестесең сен, еркем,  
Тау самалын сіміріп,  
Тұяғым тасқа тілініп,  
Елік болып жетем, қалқам, мен ертең.

## ІНІГЕ СЫР

Інім-ау, сен де таттың ба сезімнің алғаш шарабын,  
Сағатқа сонша тағатсыз сәт сайын неге қарадың?  
Сырбаздық пенен серілік бойында сенің тапшы еді,  
Үтіктеп жатсың асығыс шалбардың шаң-шаң балағын.

Көшени кезген тентекті бір жөнге салып бергендей,  
Әмірі жүрген сотқарға перизат еді ол нендей?  
Қырындай келіп айнаға он келіп, қайта он кеттің,  
Өзінді-өзің айнадан өмірде түңғыш көргендей.

Дүрия көйлек қыздармен гүл теріп шығар көк белге,  
Махаббат, жастық әуресі саған да келіп жеткен бе?  
Қыз дәурен мынау ғұмырды шын сүйіп қалған шығарсың,  
Қөктемге сұрай көрімдік тырналар ұшып өткенде.

Жастықтың тарқап базары, алмасып жатыр қөктем, күз,  
Кекілді тарап айнаның алдынан біз де өткенбіз.  
Егіліп жылап жырымды жатқа оқып бүгін жүр ме еken,  
Ең алғаш рет именіп ернінен өзім өпкен қыз.

Арманға толып жанарың, сабырың мұлдем сақталмай,  
Асыға басып сен кеттің ай туған шакта ақ мандай.  
Арбасып әлсіз елеспен елегізіп үйде мен жаттым,  
Арқама бейне арқардың асығы батып жатқандай.

## ҚАЛА ҚЫЗЫ

Қаланың қызы, тұра-тұр босқа қылмай,  
Далалық ұл — бұл, қимылы асау құйындаі.  
Қабағын керіп  
Кентіңен келген кей қызға  
Кетуі мүмкін көлеңкесі де бұйырмай.

Көркінді мынау қоярдай болып көрмеге,  
Көзіңді, қалқам, ойната бердің сен неге?  
Кеудесі бейне көріктей болған бұл пері  
Кербездеу қызды ілмеуі мүмкін көзге де.

Жымып құлме, жасандылықтан, ал сақтан,  
Сүймеді деме иіліп келіп саусақтан.  
Абайлап қана әзілде, қалқам, әйтпесе,  
Арғымақ атқа өнгеріп кетер «ант атқан».

Жетекте кетер ол емес, соны еле сен,  
Жатырқай қоймас жалынға жанын бөлесен.  
Тұбінде сенің түсіне кірер жігіт бұл,  
Тұбіт мұрт жаңа тебіндеп келеді демесен.

Жаныңды арбап жанардан төккен көз нұры,  
Мысыңды басып тұрған да шығар өрлігі.  
Бипаздал сөйлеп, сүйкеніп өтер мысықтай,  
Қаланың кейбір пысығы деме сен мұны.

Сайранды күндер, сал-сері тірлік жай қалып,  
Тұрсың ба қазір өршілдік жайлы ойланып.  
Мына кеудеде тұншығып қалсаң бір сэтке,  
Қалуы мүмкін мәңгілік басың айналып.

## ЖҮРЕКТЕГІ БІР ҮМІТ

Күйзелістермен көп күндерімді өткеріп,  
Көңілсіз тірлік жаныштап мұлдем иყқтан.  
Өзгени тұрмақ өзімді кейде жек көріп  
Шыға алмай жүрсем түйықтан...

Өршіл үмітім сәтсіздіктерге ұшырап,  
Өмір дегенің көрінсе мұлдем далбаса,  
Көңілсіз күздің көңілде сүрқай сұсы қап,  
Жүрегімді мұң жауласа.

Жігіт басыммен көзімнің жасын көлдетіп,  
Сол «көлге» менің толғанда әбден етегім.  
Мына жалғанда барыңа сенің тәубе етіп,  
Алдыңа сенің жетемін.

Білмеймін сенсіз боларын алда күн қандай,  
Қарақан басты ойлап та жүргем жоқ, тегі.  
Бар бейнетімді көтеріп жүрмін қиналмай,  
Бақытты етер деп мені.

## АГАТАЙ ДЕУШІ ЕҢ...

Агатай деуші ең, күтпей бір менен пенделік,

Агатай деуші ең, ағаңа мені тең көріп,

Сол ағаң сенің сергелден болып жүр бүгін

Сезімнің ақ жал толқындарында тербеліп.

Аңқауым, саған аға етіп өмір қойды да,

Амалсыз, міне, алданып келем ойныңа.

Абдырап тұрып адалдық жайлы ойлаймын

Ағалап келіп асала кетсең мойныма.

Ағаңда ғажап айтылмай жүрген сыр барын

Аңқауым менің, әлі де ұқпай жүр жаның.

Ағалық менің ықыласымның артында

Аңқасы кепкен аңсаудың бұғып тұрғанын.

Албырап тұрып сендең алау гүл ерін,

Агатай десен, аунап бір түсер жүрегім.

Талайдан бері келемін сенің алдында

Айнитпай ойнап ағаның адал ролін.

Аңқылдай берме, аңқауым, біреу күлсे егер,

Адамда қазір аз емес шығар дүмшелер.

Арудың бәрі аңқау боп мәңгі қалмас па,

Ағаның бәрі ақ жүрек болып туса егер.

Айтуға соны оқталып барып неше мың

Алдыңа келсем айта алмай үнсіз кетемін.

Ашылмай тұрып аңғарту керек шығар-ая,

Ағалығымның алдамшы қылық екенін.

## ЕСІМДЕ ЖОҚ...

Сүйгенім бе,  
Сүйгенім өмірде емес  
Үйқасам түнде түсім,  
Көңілде елес,  
Өлгенише кетер емес  
көңілден еш.

(М. Мақатаев)

Есімде жоқ, біреуді сүйе алдым ба,  
Соны ойласам, кетеді қиял мыңға.  
Үміті бар біреуге қарайладым  
Үәдемді бұзуға ұялдым да.  
Ыстық сезім, қыздардың отты лебі,—  
Бәрі-бәрі айналып етті мені.  
Жалынымен жанымды өртей алмай  
Әлі есімде бір қыздың өксігені.  
Қызық қуып және де қуып өлең,  
Жүрдім рас, тойларда түніменен,  
Аруларды сонда бір аймалаппын  
Алаулаған жастықтың буыменен.  
Ақтарып сап сол түні сезім легін,  
Ал ертесін есімде безінгенім.  
Уылжыған қыздардың қылышынан  
Ерсілеу бол тәттілік сезінгенім.  
Ақ сезімнің айдынын шайқағанға  
Көңіл қоймай, сырғыппын сай табанға,  
Қадірлім-ау, көкейде сен тұрғанда,  
Мен басқаны сүйдім деп айта алам ба?!

\* \* \*

Қар қылаулап тұр еді, осы есімде,  
Адастық біз Алматы көшесінде.  
Неге адастық білмеймін,  
Бар көшениң  
Білуші едік түйігін, төтесін де.

Қар қылаулап тұр еді бел-белесте,  
Жаразтырып келеміз ойды елеске.  
Біз автобус күтетін аялдама  
Астанадан табылмай қойды емес пе...

Мен тұрғанда алам деп қандай шешім,  
Сен қимапсың сезімнің балдай кешін.  
Жол іздеп ем аландал  
Дедің маған:  
«Адастырдым әдейі, ал қайтесің?»

Сенің мұндай айналдым амалыңнан.  
(Алтын жұлдыз жарқ етті  
жанарымнан)  
Ала қашып жүзінді жалтарсан да  
Аймаладым ак үлпа тамағыңнан.

Жаға-женді малшынтып жақұт қарға,  
Ақырында іліктік ақық таңға.  
Сен бірақ та егіліп жылай бердің,  
Назадан ба, білмеймін, бақыттан ба?!

Жолымды таулар ғана емес  
Тағдырдың өзі бөгейді.

Бөгейді шың-құз, шатқал мың,  
Бөгейді таулар еңсөлі.  
Қашан да махаббаттардың  
Киындық болған өлшемі.

Куанған болам жұртпенен бірге жаны ізгі,  
Куанған болам, мамырға балап тамызды.  
Қуаныш-күлкі шалқыған маңға жолатпай  
Кеудемнен біреу итеріп жүрген тәрізді.

Жұбанған болам, ұмытып күнді күрсінген,  
Жолдас та болдым көңілі бүтін мұнсызбен.  
Жарқылдаپ күліп, жанында көптің жүрсем де,  
Мен өзім жоқ та  
Жүргендей бейне құр сұлдем.

Ән салған болам, думанды тойда жайраңдал,  
Ән салып емес, тұрамын бекер айғайлап.  
Өзгенің тіпті ойына сонда келмейді  
Өмірде мынау жүргенің сенің қайғы ойлап.

Шалқыған болам, шаттыққа жайып дос құшак,  
Шақырап кейде адамды сондай тәтті шақ...  
Армансыз жандай алаңсыз шалқып,  
Ертесін  
Болбырап қалам тесіліп қалған доп құсан.

Армансыз, досым, алаңсыз шақта ал күліп,  
Дау-дамай кейде жүреді жүнделеп, дал қылып,  
Өмірде мынау қуана білген адамға  
Қайсыбір кезде қайғыру дағы заңдылық.

Шаттанған болам қосылып жұртқа шат күлген,  
Шаттанған болам, кетпейді бірақ дақ-кірбен,  
...Әйтеуір, жаным, ауылдан өзің кеткелі  
Ойларға батар осындай мінез таптым мен.

## СЫР

Он бесімде-ақ тежеу көріп тағдырдан,  
Айрылдым мен Айнұр қыздан ән қылған.  
Жауқазын жыр жарып шықты кеудемді  
Жанарымнан жауған сонда жаңбырдан.

Он сегізде от сезімдер арбасып,  
Өзге қызға болдым тағы мен ғашық.  
Ол да тұрды көп ұзамай ЗАГС-те  
Жат біреумен сақинасын алмасып.

Жиырмамда жиі жүрек маздаған  
Жыр қалды ма біз шіркінде жазбаған.  
Іза болып ынтықтырған бір қызға,  
Өзімді-өзім жазым ете жаздағам...

Сан қыз алдан сезім гүлін шықты алып,  
Бірімізді біріміз тек ұқпадық.  
Жиырма бесте осы азаптың бәрінен  
Бір қыз ақыр алған еді құтқарып.

Үйленген соң барып қана ес кірді,  
Сирегендей болды және дос-құрбы.  
Көктем келсе, көз сұзбеймін көк белге,  
Сары күзде сағынбаймын ешкімді.

Бұрынғыдай еш нәрсені етпей мұң  
От басының тыныштығын көксеймін.

Жүрек шіркін, жұлқынады кей кезде,  
Бұлқынады,  
Бірақ оған не істеймін?!

Кінәлі емес, тегі, бұған адал жар,  
Тірлік дәмі сияқтанар маған бал.  
Дегенмен де бір құпия қуаныш  
Болмаған соң бұл өмірде не мән бар?!

### ЖАРЫМА

Кеш оралып жүргеннен соң күнде үйге,  
Көңіліце көп күдікті түйдің бе?  
Қоңыр кеште отырғаның күтініп  
Шамы сөнбей үміттің де, үйдің де.

Жарқын ойлар жүрегінде жаңып кіл,  
Үміт көзі уақытты бағып тұр.  
Құткен кезде жылжымайды сағат та  
Тасбақаның жүрісіне салып бір.

«Қыын» болып жүр-ау бүгін ерлерге,  
«Арып-ашып» үйге кешке келгенде  
Үйқы-түйқы отырасың манаурап,  
Үйқтап қалып ұлкениң де, кенжең де.

— Оу, әкесі аман ба,— деп,— ат-көлік,  
Құлімдесең босағада тап келіп,  
Мен тұрамын қарсы алдында,  
Қалтамнан  
Қырық сылтаудың су жаңасын ап беріп.

Саған сылбыр,  
Өмір маған желаяқ,

Өтіп жатыр обал болды-ау демей-ақ.  
Анам сынды бәйек болып алдымда  
Өзінді емес,  
Отырасың мені аяп.

Сонда өзім де кетіп ойға бір бекем,  
Үятымның қоламтасын үрлетем.  
Қайта-қайта елеңдетіп қоярдай  
Қай мықтының қойын бағып жүрді екем.

Көнілінде қалмай тіптен тағат түк,  
Осылайша мейлі қанша сағат құт,  
Бір білгенім — біз екеуміз ешқашан  
Махаббатта жібермеппіз ағаттық.

Көп күтіпсің жалғыздықпен сырласып,  
Мені еріксіз мысың сенің тұр басып.  
Қай кезде де өзің құсан осылай,  
Құте алғандар — бір-біріне шын гашық.

## НАУРЫЗҒА БЕТАШАР

Ақпан өтіп, ашылды қырдың өні,  
Адыр-белде ақ гүлдер үлбіреді.  
Енді біраз күннен соң елік қыздар  
Етек-жекі елпілдей дүрлігеді.

Енді біраз күннен соң неше гашық  
Қызық қуып қырқаны кетеді асып.  
Ақ маҳаббат секілді ақша бұлттар  
Қек төсінде жөнкілер көше қашып.

Бетегелі толады бел тұлікке,  
Желігіп те тұрасың, желпініп те.

Жанып сүйген жүректер арасында  
Жауқазындар жүреді елшілікке.

Күйкүлжытар таң алды күстар да энін,  
Кысқы түннің сездіріп қысқарғанын.  
Қызғалдақ боп қырларда жатыр өніп,  
Жанарынан қыздардың үшқан жалын.

Қары кетпей шың-құздың тұрсын мейлі  
Бойың қалай бұл шақта сілкінбейді?!

Басқа тұрмақ байсалды ағаның да  
Қөңілінде бір сезім бұлкілдейді.

Егде тартып, қайтса да желік күшін,  
Еліктірмей қоймас-ау елік мұсін.  
Бұл көктемде жастықтың жасыл бағын  
Бір аралап қайтуға еріктісін.

## КЕЙДЕ

Жанданып әлем, жадырап тұрсын жер мейлі,  
Жападан-жалғыз жанынды бір мұң кернейді.  
Сергелдең қылып жіберген кеше осы мұң  
Есенқұл тұрмақ сері Есенин Сергейді.

Түрленіп жер-су, тұрса да жайнап жалын күн,  
Жәудір көз мұңға жаныммен түгел малындым.  
Мектептен қайтқан Айнұрдың сұрап портфелін  
Арқалап жүрген кезімді сүмдүк сагындым.

Шалқысын ел-жүрт, бақыттың шырқап шат энін,  
Аулақтап жүрттан абын бір мұңға батамын.  
Басымды даң-дүң даңғаза шудан ап қашып,  
Балдырылды көлге, балыққа бара жатамын.

Алансыз, мұңсыз Айнұр да, бәлкім, жүр аман,  
Аңсауға толы арнаймын әлі жыр оған.

Қам көңіл қылып жаратса бізді қайтесің  
Қарасаз, Бірлік, қайындар елі — Рязань.

Сағыныш түстес сарғалдақтармен сырласып,  
Саяқсып жүрттан кетемін жалғыз қырды асып.  
Алдамшы сағым секілді алыс бір бақыт.  
Әйтеуір, менен әлемде мынау жүр қашып.

## ОЙ ҮЗІКТЕРІ

\* \* \*

Сыбдыры жоқ, сидиып тұр бау сымдай,  
Сылбыр үнді басталды бір маусым жай.  
Ақ қурайлар сыңсиды кеп,  
Анау жыл  
Арба айдаған әйелдердің дауысындей.

\* \* \*

Сен бар жерде мұңымды ойладым қай,  
Сен бар жерде тірлікті тойладым жай.  
Жәнам менің сен барда жайбарақат  
Көгал сайда отырган қойлы ауылдай.

\* \* \*

Эзіл айтты кеше маган тең құрбы:  
— Қыздар саган неге құмар ең нұрлы?  
— Жақсы қыздар жақсы ақынның алдында  
Қызыл гүлдей майысады жел күнгі.

## ҚҰПИЯМ ЖОҚ

Құпиям жок,  
Болса да сақтамаймын,  
Көңілім бір кірбіңсіз аппақ айдын.  
Адал достың алдынан құшақ жайып  
Айқарыла ашылған қақпадаймын.

Құпиям жок,  
Бәрін де ақтарғанмын,  
Сырымды айтып беремін достарға әр күн.  
Құпиясы болса егер болар мүмкін  
Мансап үшін ұтын сатқандардың.

Құпиям жок,  
Болса егер білерсіздер,  
Бәлкім, сіздер осыған құлесіздер.  
Құпиямды біліп ап,  
Қыл мойныма  
Құрық салмақ болады жүгенсіздер.

Құпиям жок,  
Ақтарып айтам бәрін,  
Ішімде жоқ жасырын сайтандарым.  
...Бала қыз-ай, бар еді бір құпиям  
Соны ғана мен саған айта алмадым.

## ҚЫРДАҒЫ КӨКТЕМ

Жалау жырдан күтіп жүр ем несібе,  
Көктем күйін өлең етіп тізermін.  
Гүл қаузызы түсіреді есіме  
Шиедей боп үлбіреген қыз ернін.

Қырда дүбір. Кісіге жоқ еш тыным,  
Диқан баба ерте тұрды тәсектен.  
...Бір тұтам бұлт сақалындаған ешкінің  
Ақ нөсерден қалып қойған кеше өткен.

Қызу науқан желбіретіп жалауын,  
Қызыл отау қырдан орын тұр теуіп.  
Ақ наң үшін терін тәккен ағайын  
Келер күздің миллиардын жүр сеуіп.

\* \* \*

Келіп көктем — көк көктем,  
көрік көктем,  
Буын босап, сабырдан ерік кеткен.  
Көшелерде көркемдік таластырып  
Қыздар біткен қыдырығыш болып кеткен.

Тұнған сәуле, айнала тұнған арай,  
Көктем келіп сырға да, жырға да бай.  
Бозбаланың бездіріп тұн ұйқысын,  
Бойжеткеннің жүргегін қинағаны-ай.

Қызықтырып қыз көктем сырына алуан,  
Көркем сурет көзіңің нұрын алған.  
Күншуақта кемпір-шал отыр, эне,  
Қартайса да көзінде күліп арман...

Тұстіктен сонау талықсып жетіп тырналар,  
Толқынға толып, толықсып ағып жылғалар,  
Қыпша бел бұлақ қытығы келіп сан аунап,  
Қып-қызыл жалау күн батар кезде алаулап,  
Көгорай белдер сарғалдақтарын самсатып,  
Көбелек біткен көк өрім гүлден бал татып,  
Толағай таулар жас талдан жұпар иіскең,  
Тотыяйын аспан одан да әрман біктеп,  
Қоғалы көлде көлбақа біткен кеңесіп,  
Кегілдір белдер көкжиектермен теңесіп,  
Ақ ұлпа бұлттар аспанда жүзіп, қалықтап,  
Айдынды көлдер теңіз болуға барып қап,  
Жапырақтарын жақұтқа малып жас тоғай,  
Жап-жарық түнде жалаңаш жүзіп аппақ Ай,  
Қызыл іңірің көгілдір түнге ұласып,  
Бозбала жігіт бүлдіршін қызға сыр ашып,  
Ақ қыстан кейін қонғандай бейне бақ қырға,  
Жаужапырақтар алақан тосып ақ нұрға,  
Кеудемнен менің сезімнің селін көшіріп  
Қоңыраулатып, көктемім келіп қалдың ба?!

Күз келе жатыр,  
Бар ашуменен  
Найзагай бұлтты осып қалады,  
Сыңсиды бақтың арасында әрең,  
Қектемнен қалған ғашықтар әні.

Күз келе жатыр,  
Дәурені біткен  
Қаз-үйрек жолға қамдана берді.  
Жиделі сайда сәулені күткен  
Алқоңыр тұндер арман-ау енді.

Бүрісіп қалған көкпекті көріп,  
Қөңілі гүлдің мұздап тынғандай.  
Ағылда-тегіл төкпекші болып  
Желіні бұлттың сыздап түрғандай.

## ҚҰЗГІ ҮРҒАҚТАР

Үргай басы ызың қағып арадай  
Қамсыз-мұңсыз қалғып жатыр дала жай.  
Қайың, талдар именеді, бейнебір  
Қайың жұртқа келген күйеу баладай.

Ағаштардың сидаң тартқан боз басын  
Отыз рет көрген екем өз басым.  
Терезеден еріп аққан боз қырау  
Елестетті өткен жаздың көз жасын.

Бақты кезіп бар қызықтан бос қалған  
Сары самал салқын леппен есті алдан.  
Дүние әлем вальс билеп балқиды,  
Төксе құстар құмыр үнін аспаннан.

Күз келсе де жасыл жазға қош демен,  
Бәрі айналып соғады ұлы қөшпенен.  
Қек теңізге көлбей түскен маяктай  
Қекейімде үмітім бар өшпеген.

Көрсете алмай тірлік шіркін бір қалып  
Кураса да тұрған терек ыргалып,  
Аты өшпеген ақындардай бір көктем  
Жүрегімде жатады ылғи бүр жарып.

### ДАЛА. ҚЫС. ЖОЛАУШЫ.

Аңыраған ақпанның өктем желі  
Шымшып-шымшып өтеді беттен мені.  
Шыр көбелек айналып түседі қар,  
Алма ағаштың гүліндегі көктемдегі.

Шанадағы ат шабысқа сағы сынбай,  
Келеді ағып арманның ағысындей,  
Белес-белдер барады шұбатылып,  
Білем-білем жылқының қазысындей.

Құла бестім сілтейді қалай-қалай,  
Даусым шығып кетеді абайламай.  
Шыр көбелек айналып бара жатыр  
Аппақ әлем жарқырап шар айнадай.

Қарсы желге қасқая бетім беріп  
Үзғырықтың отырмын өтінде нық.  
Ақ төс итім алқынад,  
Ат-шана емес,  
Алтайы тұлкі қуған секілденіп...

«Қалада жүр ақынның ірі-ұсағы,  
Бәрі де ұлы болуға тырысады.  
Қалмай сен де қатардан бармайсың ба?»—  
Бір ағайым осылай ұрысады.

Багым жанбай жүрген бір баладай-ак,  
Ағам мені көргенде қалады аяп.  
Жағам кетіп жайлалауға, жайраң қағып  
Келе жатсам көшеде жалаң аяқ.

Кетсем алыс емес қой Алматың да,  
Сол жерде жүр мықты ақын жолдасым да.  
Шалғы шауып жүрген соң, шалап ішіп  
Ағам мені қоспайды занды ақынға.

Жырлағанда көзден жас ағызатын,  
Жүрді кеше қалада нағыз ақын.  
Қарыс қадам жердегі Қарасазын  
Қарс айрылып жүрегі сағынатын.

Тарғыл тасын сағынған тарлан аға  
Ортақ бүгін қалаңа, тау, далаңа.  
Өгей бала өлеңде болмау үшін  
Мен де барып қайтайын сол қалаңа.

Қаз-қаз басып анамның «тәй-тәйімен»,  
Жігіт болып әкемнің айқайымен  
Өскен ауыл ұлы едім,  
Ертең осы  
Қалаңа да бір барып қайтайын мен.

Қала бейне үнайды сәніменен,  
Дала кейде сынайды шаңыменен.  
Қала, дала, аспантау, ақ шағыл құм,  
Ортақ ұлмын бәріңе, бәріңе мен.

Төбесінен төгетін Құн жылуын  
Төрт құбыла әлемнің ізгі ұлымын.  
Ақынымын аядай ауылымның  
Жер шарының кәдімгі тұрғынымын.

Әлем мұңын өзімнің дертім еттім,  
Өлең-жырын өлкемнің еншілеппін.  
Перзентімін Жетісу — туған жердің,  
Ақынымын бар құрылық, континенттің!

### ЖЫР ТУҒАНДА

Алып кел қаламымды, Дәурен балам,  
Жалғайын жырдың жолын жалғанбаған.  
Алдынан шықты тағы шырқау шабыт  
Алты ай жаз ала бұлтын армандаған.

Санамда жарқ-жүрк етіп жанған оттай  
Күй келсе отырап кім ойға батпай.  
«Тұяғы» қаламымның тысырлайды,  
Кермеде тықыршытып қойған аттай.

Осылай шырай беріп күлкіне қыр,  
Сіркіре, ақ жаңбырым, сіркіре нұр.  
Құлазып күз күніндей тұрған жаңа  
Құлпырып сала берсін шіркін өмір.

## СЕНИҢ БАҒАҢ

Арманымды ауыр оймен жаншымай,  
Өлеңімді келем өрге қамшылай.  
Күннен-күнгө құнығамын,  
Аң ізден  
Қырдан-қырға желе жортқан аңшыдай.

Жолдас — өлең, сырлас — өлең, дос — өлең,  
Соған ғана жазылғандай пешенем,  
Шындықты айтып өлең туса шырылдаپ,  
Нәрестедей қолыма алып көтерем.

Ару болып шықса алдыннан осы өлең,  
Жарым, саған демей-ақ бір «кеше гөр»  
Қарғысынды ақ батадай қабылдаپ,  
Қызы-өлеңді алышп қашып кетер ем.

Өлеңге өмір қойғаннан соң құштар ғып,  
Жарым, сен де жасамассың іштарлық.  
Анасысың сен ақынның,  
Ал ана  
Баласына жасай алмас дұшпандық.

Жақсы жырым туар болса бір жаңа,  
Жарым менің, жаңың сенің ырза ма?  
Жай әншнейін әйел болып қаларсың  
Өлең мені тастап кетсе біржола.

Сенің нарқың аналықпен өлшенер,  
Әйел болып қана қою — келте өнер.  
Ақын ақын бола алады,  
Жүректе  
Сәбілігін сақтап қалған болса егер.

## АҚЫН AFAFA

Тұтін едік тірлігіне орамды,  
Біле алмадық қай жымысқы қол алды.  
Ойда жоқта біздің үйден таптырмай  
Аға, сенің жыр кітабың жоғалды.

Сол күн біздің сабырымыз сарқылды,  
Сол күн біздің қабагымыз салқын-ды.  
Тар бөлмені талай рет қопардық,  
Жоғалтқандай ат басындаі алтынды.

Шашылғандай шаңырақтың ырысы,  
Жұбайыма алдым біраз ұрысып.  
Біздің үйді нұрға бөлеп тұратын  
Шат көнілдің шытынады шынысы.

Жар алдында қысыл, мейлі, қысылма,  
Жарылардай әзер төздім бұл сынга.  
...Жыр кітабың ойда жоқта жоғалған  
Жатыр екен жастығымның тысында.

Жалын жырмен жайлы таңға аттанып,  
Жинағынды жатқан екем жастанып.  
Жарым тұрды  
Сол бір сэтте қос тамши  
Жанарынан үзілуге шақ қалып.

Келген едім қызу істен қалжырап,  
Жырынды оқып кетіппін мен балбырап,  
Жоғалады адамдар да, алтын да,  
Жоғалмайсың жасын жыр боп сен бірақ!

## ҚӨЛЕҢКЕ

Таппаса да тың теңеу, дара сурет.  
Жылтыр жырдың жазып жүр жаңасын көп.  
Бір сәт қояр сені де көтермелеп,  
Атақты ақын түбінде боласың деп.

Данасынып әркімге дәріс ашып,  
Ал ішінде мұңқиді жаны сасық.  
Көзге мақтап,  
Содан соң таланттардың  
Табанының астына тары шашып.

Жүрсе де оны тұрасың даттай алмай,  
Қарасының өзі де ақ бояудай.  
Бұрқыратып жазады,  
Сен жүргенде  
Қара орманнан қамшыға сап таба алмай.

Алдамшы деп сен іштей жүрсөң біліп,  
Ай мен күнгे жұрт оны жүр теңгеріп.  
Сенде бір де мақтау жок  
Алғысы оның  
Жатқан кезде жиналышп бір том болып.

Баянсыздар бағамды білмеді деп,  
Ойлы жігіт, сен іштей журме жүдеп.  
Ондайлардың өмірде кейде өзінен  
Қөлеңкесі жүреді ілгерірек.

## ЖАУАП

Сен: «Ана жылы албырт мінезді, аңқылдақ ақын досың бар еді, қазір сол қайда?»— дедің.

Қалды ол белден аса алмай,  
Ұраны: «Тек жүр! Абай жүр!»  
Шындығын сыртқа шаша алмай  
Ішінде өлді талай жыр.

Өлтірді іште жыр талай,  
Ойлары — үй-жай, орманы.  
Ақын боп асау бұрқамай  
Аяңдап жүрсе болғаны.

Ондайды ақын деген кім,  
Әлгіндей болса тілегі  
Бай болам жұрттан дегеннің.  
Өзі де өлі, жыры өлі.

Солайша өшті бір ақын  
Жырымен шашқан нұрлы ұшқын.  
Өзгертіп өлең мұратын,  
Өгізі болды тірліктің.

Жіберсе егер еркіммен,  
Оранып ыза-отқа мен,  
Сәбиін өзі өлтірген  
Анадай оны соттар ем!

Қиялды жарыстырады.  
Сезімнің магистралі  
Шекісіп шикі үміттерім,  
Зарядтар қағыстырады.

Таласа асқақ бір әнім,  
Келеді дастан құрағым.  
Арманның эшелондарын  
Алысқа аттандырамын.

Жанымның жарық шырағы,  
Жыр туса, жанып тұрады.  
Жүргім — экватордай  
Бар ойды тоғыстырады.

Жетелеп жолдар ғарышқа  
Арманға алға, алысқа,  
Жыр сезім — рельстерім  
Мәңгілік қозғалыста.

## ТІРЛІК ТОЛҚЫНЫ

Білген соң жыр бағасын, сөз бағасын,  
Ойдың да қынына кез боласың.  
Өнерде өрісімді кеңейтеп деп  
Өршисің, өртенесің, қозданасың.

Жүрген соң жыр-мұхитта өлең іздеп,  
Толқынмен дөңбекшиді кемеміз көп.  
Кей кезде сәтсіздікке ұшырадық,  
Сенбейтін адамдарға сенеміз деп.

Оп-оңай арба сынып, ат өлмегі,  
Аңқауға өмір неткен қатерлі еді.  
Жүретін шақ та болар аңдап басып,  
Адамдай жалдамалы пәтердегі.

Жүрсең де албырттықты қоя алмай тым,  
Жайың бар жайлап басып аялдайтын.  
Сонарда сорым қайнап қалмасын деп,  
Ақ қармен көз алдаған қояндайсың.

Бәрібір тұрмайды бұл күйің ұнап,  
Жүресің жиі адасып, жиі құлап.  
Жеңіл шақ желдей есіп өте шығар,  
Иықта батпан-батпан қыны қап.

## ОТЫЗФА ҚЕЛГЕҢДЕГІ ОЙ

Уақыт зымырауға асқан епті,  
Жаным-ау, жылжып отыз жас та кепті.  
Бақыттан басы айналған балауса кез  
Баянсыз ол да біздің бастан өтті.

Көшеден көңіл енді үйге асығар,  
Сырластан бұрын бізге сыйлас ұнар.  
Аңғырттау кешегі албырт көңілімнің  
Ақылға байлан қойған бүйдасы бар.

Үзіп ап сол бүйданы жалғадым мың,  
Арыны қатты-ау әлі арманымның.  
Ардақ ел, парзыымды актау үшін  
Ар-ұят қайда айдаса, сонда жүрмін.

Тұрғанда кемел шақтың кезі келіп,  
Айттар жан табылар-ау сөзіме құп.  
Мергеннен мезгіл атты жасырынып,  
Жүр әлі жүргегімде сезім-елік.

Албырт шақ, кешегі өткен арманды шақ,  
Жаярсың жырым болып алдан құшақ.  
Тұрім бар жанатұғын маздал ұзак,  
Ортенген жаз соңында орман құсан.

## АЛТЫН БАЛЫҚ

Мен жетпеген бар әлі алыс бір ән,  
Сол әнменен түбінде таныстырам.  
Бір арманға қол созым жетпей қалып,  
Бір бақыттан сәлғана қалыс тұрам.

Қол бұлғайды алыстан бір ән — арман,  
Соны қуып өтер-ау, сірә, жалған.  
Бір қуаныш құт болып қонып жатса,  
Бір сәтсіздік тұнеріп тұрады алдан.

Мен жетпеген бар әлі алыс бір ән,  
Сол әнменен жанымды табыстырам.  
Батып-шығып жүретін су бетінде,  
Мен өзімді қалтқымен салыстырам.

Батып-шығып жүрсем де қалтыл қағып,  
Багалар жұрт бір күні паркымды анық.  
Қалтылдаймын қалтқыдай қармағымда,  
Жатқан сынды бұлқынып алтын балық.

# ОТКІША ҚАРГІНЕНДІРДІ НЫТЫ

Сабактың ойдан шығарылғандағы мәдениеттік меморандумынан

жарияланып келгенде жаңы меморандумдардың

жарияланып келгенде оның ойдан шығарылғандағы мәдениеттік меморандумынан

## МАЗМУНЫ

Сабактың ойдан шығарылғандағы мәдениеттік меморандумынан

### Бірінші бөлім

#### ӨМІРІМ МЕНИҢ ӨЛЕҢІМ

Ақтарылу	3
Коммунистен әңгіме	4
Ардагерлер	5
Панфиловшылар паркінде	6
Ұлы бастама	7
Қызыл тулар	8
Анана	9
Мұғалім	10
Қептерлер	11
Шекара көріністері	12
«Бірлікке» бара жатқанда	13
Суықтөбемен сырласу	15
Мекенім	16
Аман бол, аға!	17
«Жасанды қас, жалған мен...»	18
Біреуге	19
Адал адам	20
Қабылдау бөлмесінде	21
Обал туралы ой	22
Балалардың балдағы	23
Алтын үя	24
Ұлымды сағынғанда	25
Жұмбак әлем жайлы жыр	26
Ана (Баллада)	27

## Екінші бөлім

### МАХАББАТ, ЖАСТЫҚ ӘЛЕМІМ

Гүлдәуренмен кездесу . . . . .	31
Жасыл бақта жазғы кеш . . . . .	32
Ініре сыр . . . . .	33
Қала қызы . . . . .	34
Жүректегі бір үміт . . . . .	35
Ағатай деуші ең . . . . .	36
Есімде жок . . . . .	37
«Қар қылаулап тұр еді...» . . . . .	38
«Асыл құрбым...» . . . . .	39
Тау қызына хат . . . . .	—
«Қуанған болам...» . . . . .	41
Сыр . . . . .	42
Жарыма . . . . .	43
Наурызға беташар . . . . .	44
Кейде . . . . .	45
Ой үзіктері . . . . .	46
Құпиям жоқ . . . . .	47
Қырдағы көктем . . . . .	48
«Келіп көктем...» . . . . .	—
«Түстіктен сонау талықсып...» . . . . .	49
«Күз келе жатыр...» . . . . .	50
Күзгі ырғактар . . . . .	—
Дала. Қыс. Жолаушы . . . . .	51
«Қалада жүр ақынның ірі-ұсағы...» . . . . .	52
Жыр туғанда . . . . .	53
Сенің бағаң . . . . .	54
Ақын ағаға . . . . .	55
Көлеңке . . . . .	56
Жауап . . . . .	57
«Сезімнің магистралі...» . . . . .	58
Тірлік толқыны . . . . .	59
Отызға келгендері ой . . . . .	60
Алтын балық . . . . .	61